

**Байғанин аудандық мәслихатының
2016 жылғы 29 ақпандағы №214
«Байғанин ауданында әлеуметтік көмек
көрсету, мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4821 тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

«2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» тарауында:

8 тармақта 5) тармақша алынып тасталсын;

«3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі» тарауында:

18 тармақ мынадай мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Осы Қағидалардың 8 тармағының 1), 3) және 4) тармақшыларында көрсетілген адамдарға өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 8 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.»